ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 маусым №5165-25-00-2/1341 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.С.Чингиспаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Пірімбетов» Жанеділ Әділханұлы Пірімбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Пірімбетов» Жанеділ Әділханұлы Пірімбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Пірімбетов» Жанеділ Әділханұлы Пірімбетовтен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ
ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "СОЗАҚ
ОРМАН ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР
ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ"
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 302
«29» 07 2025 ж.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 13.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.07.2025, судья Чингиспаева К. С., 23.07.2025

5165-25-3-1/1216